

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

которые нуждаются в рабочей силе, ознакомились с их работой и могут предложить им свои услуги. Министерство полностью оплачивает поездку, кроме расходов по питанию участников.

Эксперты министерства считают, что безработные, особенно в крупных городах, не знают о существовании многих вакансий в провинции или не стремятся переезжать туда по соображениям своеобразного престижа. Вместе с тем небольшие провинциальные города и деревни, испытавшие сильный отток населения в благополучные годы, нередко ощущают нехватку рабочей силы даже в условиях кризиса. [7]

Министерство организовало около 100 таких туров по всей стране, рассчитывая охватить ими около 3 тыс. человек. По нашим расчетам, наиболее эффективным способом в борьбе с безработицей является Японский автобусный тур. На данный момент уровень молодежной безработицы в РК составляет 9% , но после введения данного эксперимента возможно сокращение безработицы на 2%. Тем самым уровень безработицы будет составлять 6-7%, наша республика опередит страны Европы и СНГ, где молодежная безработица составляет около 18%, а в некоторых странах зашкаливает за 40%.

В условиях рыночной экономики, которая ещё не до конца прошла стадию формирования, молодым людям очень трудно найти своё место в жизни общества и они сталкиваются с серьёзными проблемами при трудоустройстве. Мы считаем, что этот способ мог бы решить проблему с молодежной безработицей.

Список использованных источников:

1. Рофе А.И., Збышко Б.Г., Ишин В.В. Рынок труда, занятость населения, экономика ресурсов для труда: Учеб. пособие / Под ред. А.И. Рофе. - М.: Издательство "МИК", 1997. -160с
2. <http://www.beriki.ru>. Электронная статья «Кризис ударил по молодым» Автор: Галина Гусева
3. Экономическая теория.// Под ред. Грязновой А.Г., Чечеловой Т.В. – М.,2005
4. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике»
5. www.stat.gov.kz/
6. <http://torgprice.ru> : Государственная поддержка малого и среднего предпринимательства в Казахстане. Опыт Фонда «Даму | Торг.Прайс - обзоры товаров и услуг в интернете
7. <http://supcourt.kz>: Послание Президента 2010

ӘОЖ 338.012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

Құраш Назерке Пернебекқызы
naz-9393@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., профессор Рыспекова М.О.

Әлем дамуының заманауи кезеңі экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің негізгі салаларындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділіктің күрт күшеюі және күрделенуімен сипатталады, сондықтан кең мағынада жаһандану процестерімен байланысты.

Жаһандану және бірыңғай әлемдік нарықты құру жағдайында инновациялық жүйелерді қалыптастыру индустриалды дамыған елдерде негізгі экономикалық процесс

сипатына ие болды. Бұл ғылыми білім, жаңа технологиялар, инновациялық процестер, өнімдер мен қызметтер жүйесінің экономикалық өсудің доминанты болатындығын білдіреді.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...инновацияларды енгізудің маңызы зор, бірақ бұл басты нысана емес. Біздің жаңа технологиялар сұранысқа ие болғанда, олар нарықта қажет болғанда ғана ел нақты пайда алатын болады. Олай болмаған күнде инновация - ақшаны босқа шығындау деген сөз» - деп, ұлттық экономиканы алға тартушы инновацияны қолдау керектігін атап өтті[1].

Осыған байланысты, Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасу және даму процесін зерттеу, оның қызмет етуінің ұйымдастырушылық экономикалық механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу өзекті мәселе болып табылады.

2007 жылдан бастап өткізіліп жүрген және қазіргі уақытта әлемнің түрлі елдерінде инновациялық даму көрсеткіштерінің толық жиынтығын көрсететін, ғаламдық инновация индексі (ҒИИ) қарастырайық. 2014 жыл бойынша Қазақстан Республикасының ғаламдық рейтингтегі орны кестеде көрсетіліп отыр (Кесте 1).

Кесте 1 – ҒИИ-2014 бойынша Қазақстан позициясы

Көрсеткіштер	Қазақстанның орны (2014ж. 143 елден)	2013-2014жж. өзгерісі
Жалпы рейтинг	79	+5
Инновациялық шығындар	69	0
Инновациялық нәтижелер	101	+5
Тиімділік көрсеткіші	126	+8
Ескерту автор [2] ақпарат көздері бойынша құрастырған		

2014 жылы зерттеу 143 елді қамтыды, алғашқы 3 орынды Швейцария, Ұлыбритания және Швеция елдері алып отыр. 2014 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша өткен жылмен салыстырғанда Қазақстанның 5 сатыға жоғарылап, 79-шы орынға ие болғанын көре аламыз. Орталық және Оңтүстік Азия елдеріндегі аймақтық классификация бойынша Қазақстан Үндістан (76) мен Бутан (86-орын) арасындағы 2-ші орынды иеленді[2].

2014 жылы негізгі көрсеткіштері бойынша өз позициясын жақсартып, индекстің жекелеген компоненттерінің көрсеткіштері Қазақстанның оң динамикасын көрсетті. Оны мына кестеден көруге болады (Кесте 2):

Кесте 2 – Қазақстан индексінің жекелеген компоненттерінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Рейтинг (2014 жыл бойынша)	2013-2014жж. өзгерісі
Шығындар		
Институттар	67	-3
Зерттеу және адами капитал	63	+1
Инфрақұрылым	44	+8
Нарық дамуы	98	-9
Бизнес дамуы	103	-16
Нәтижелер		
Білім және технологиядағы нәтижелер	82	+10
Шығармашылықтағы нәтижелер	106	+10
Ескерту автор [2] ақпарат көздері бойынша құрастырған		

Сонымен Қазақстан индексінің жекелеген компоненттерінің көрсеткіштерін талдай келе, инновациялық нәтижелердің (+5), тиімділік көрсеткіштерінің (+8), бизнес (-16) және нарық (-9) дамуының, институттар (-3) мен шығармашылықтағы нәтижелерінің (+10) біршама өзгергенін байқаймыз. Алайда «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ сарапшыларының пікірінше, ҒИИ-да Қазақстан позициясының тұрақтылығына және индекстің жекелеген компоненттерінің жақсаруына қарамастан, Қазақстанда ұлттық жүйені қолдауды дамыту және инновацияларды енгізу әлі де қалыптасу үстінде.

Инновациялық қызметтің тиімділігі елдегі жалпы экономикалық жағдайға және мемлекеттік ғылыми-техникалық стратегияға, толық ресурспен қамтылуына, нарық конъюнктурасына, тиімді менеджмент және кәсіби кадрлардың болуына байланысты.

Түрлі халықаралық рейтинг әдістемесіне сәйкес, экономикалық өсудің негізгі факторлары адами капитал, бәсекелес бизнес, инфрақұрылымдық база және институционалды ортаның тиімділігі болып табылады. Бұлар технология және инновация саласында тәжірибелі нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.


Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде Қазақстанның ғылым және инновациялық дамуының қазіргі жағдайына талдау жасайық. Инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштерін 3-кестеде берілген деректер бойынша көре аламыз [3].

Кесте 3 – Инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	Өсу қарқыны, 2014/2010, %
Зерттеуге жұмсалған ішкі шығындар, млн.тг	33466,8	43351,6	51253,1	61 672,7	66 347,6	98,3
ЖІӨ-ге %-бен	0,15	0,16	0,17	0,17	0,17	13,3
Зерттеулер және зерттемелермен айналысатын ұйым саны	424	412	345	341	392	-7,55
Зерттеулер және зерттемелермен айналысатын персонал саны (жыл соңына), адам	17021	18003	20404	23712	25793	51,5
Ескерту автор [3] ақпарат көздері бойынша құрастырған						

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2010-2014жж. зерттеулер мен зерттемелерге жұмсалған шығындар 98,3%-ға ұлғайған және 2014 жылы ол 66,4 млрд.теңгені құраған. Сонымен бірге, ЖІӨ-ге қатысты ішкі шығындар 2010 жылы 0,15% құраса, 2014жылы 0,17% құрады, яғни осы кезеңде 13,3 %-ға өскен.

Зерттеу және зерттемелермен айналысатын ұйымдар санын айтатын болсақ, мұнда 32 ұйымға азайған теріс динамиканы байқаймыз. Егер 2010 жылы зерттеумен 424 ұйым айналысса, 2014 жылы тек 392 ұйым ғана айналысқан. Сонымен бірге, 2014 жылы 2010 жылмен салыстырғанда, зерттеулер және зерттемелермен айналысатын қызметкер саны 51,5%-ға ұлғайған. Кәсіпорындар инновациялық қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдайық (Сурет 1).



Сурет 1 – Инновациялық белсенділік деңгейі
Ескерту автор [3] ақпарат көздері бойынша құрастырған

Көріп отырғанымыздай, 1-суретте 2010-2014 жж. инновациялар туралы сауалнамаға қатысқан компаниялар саны 2010-2014 жылдар аралығында 10937-ден 24068-ге дейін өсті. Респонденттердің арасында инновациялары бар кәсіпорындардың саны 4,2 есе, яғни 467-ден 1940-қа дейін өсті. Сондай-ақ респонденттер саны инновациялық белсенділік деңгейіне тиісінше әсер етіп, 2010 жылы 4,3% -ды құраса, 2014 жылы 8,1% -ға дейін өсті.

Енді аймақ бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының инновациялық өнімдер көлемі динамикасын қарастырайық (Кесте 4).

Кесте 4 – Аймақ бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының инновациялық өнімдер көлемі динамикасы, млн. тг.

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	Өзгеріс
Ақмола	6959,6	9822,5	19902,1	18205,7	33 801,6	26 842,0
Ақтөбе	9792,3	16880,9	6542,4	8300,6	4 454,4	- 5 337,9
Алматы	521,0	5498,1	13288,0	13153,8	16 608,9	16 087,9
Атырау	126,1	1828,1	4772,2	38078,2	18 655,3	18 529,2
Шығыс Қазақстан	13854,5	33592,5	99332,1	109378,9	97 778,9	83 924,4
Жамбыл	723,8	11251,8	19181,2	19637,4	25 250,3	24 526,5
Батыс Қазақстан	-	24804,9	4399,3	9009,5	5 996,5	-
Қарағанды	14897,7	14388,6	30891,5	53731,2	21 578,1	6 680,4
Қостанай	1966,9	12453,0	29769,7	35728,9	57 633,9	55 667,0
Қызылорда	-	2281,3	3645,0	6641,7	4 761,2	-
Манғыстау	233,2	618,6	3609,0	1395,4	1 546,8	1 313,6
Павлодар	72592,6	73279,0	97620,0	83368,0	83 070,6	10 478,0
Солтүстік Қазақстан	2880,6	1469,5	6098,3	16028,0	16 500,4	13 619,8
Оңтүстік Қазақстан	4859,9	15374,0	22588,7	33177,5	45 153,5	40 293,6
Астана қаласы	72,2	1818,6	4787,0	119923,4	125 507,0	125 434,8

Алматы қаласы	12686,6	10601,4	12579,1	12504,9	22 088,6	9 402,0
Қазақстан Республикасы	142166,8	235962,7	379005,6	578263,1	580 386,0	438 219,2
Ескерту автор [3] ақпарат көздері бойынша құрастырған						

Егер 2010 жылы инновациялық өнімді өндіру бойынша Павлодар облысы ҚР инновациялық өнімнің 51,1%-ын алып бірінші орынды иеленсе, 2014 жылы Астана қ. -21%, Шығыс Қазақстан облысы -16% және Павлодар облысы 14%-ды құрады. Алайда 2010 жылы аймақтардың ішінде ең төмен пайыз Астана қаласында (0,05%) болса, 2014 жылы Маңғыстау 0,27%-бен ең төмен көрсеткішті көрсетті.

Осы талдаулардың негізінде, келесі мәселелер анықталған:

- Қазақстан Республикасы ғаламдық рейтингтегі инновациялық шығындар бойынша 69-шы орынды иеленді;

- 2014 жылғы Қазақстан индексінің жекелеген компоненттерінің көрсеткіштерін талдай келе, нарық және бизнес дамуының көрсеткіштері төмендегенін (98 бен 103-ші орын) көре аламыз;

- зерттеу және зерттемелермен айналысатын ұйымдар саны азаюда, ал ішкі шығындар көбеюде;

- аймақ бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ең аз инновациялық өнімдер көлемі Маңғыстауда 1 546,8 млн. тг болса, Ақтөбе аймағында (-5 337,9) теріс динамика байқалуда.

Сонымен Қазақстан және оның аймақтарының тұрақты және мықты экономикалық өсуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын экономиканың индустриалдық-инновациялық жаңғырту стратегиялық бағыттарын келесідей анықтауға болады:

1. Экономиканың басым секторларын дамыту, шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасау.

2. Базалық салаларды жаңғырту (АӨК, металлургия, мұнай өңдеу, энергетика, химия және фармацевтика, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру, көлік және ақпараттық коммуникациялар, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, туризм).

3. Кейінгі 15-20 жылда ғаламдық экономиканың өсуін анықтайтын, экономиканың жоғары технологиялық секторларын дамытуды қамтамасыз ету.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев айтып өткеніндей: «Инновация дегеніміз – ол тек заманауи озық технологияны қолдану емес, оны ойлап табу». Сол себепті қазіргі жаһандық өзгерістерге сай озық технология мен техниканы ойлап табуға атсалысу – әрбір азаматтың борышы. Жалпы айтқанда, инновациялық экономиканың дамуы – бұл жарқын болашақтың кепілі.

Қолданылған әдебиет:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.www.akorda.kz
2. Ғаламдық инновация индексі. Гуманитарлы энциклопедия[Электронды ресурс] // Гуманитарлық технология орталығы. –15.06.2011 (соңғы редакция: 18.07.2014). URL: <http://gtmarket.ru/ratings/global-innovation-index/info>
3. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты // www.stat.gov.kz